

Отандық өндірістің алкоголь және темекі өнімдерінің акциздік алым маркаларын есепке алу, сақтау және сату Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 1 маусым N 591 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 маусымда тіркелді. Тіркеу N 805. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 471 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын . . .

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2004 ж ы л ғ ы 30 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 471 бұйрығына қосымша

Күші ж о й ы л ғ а н к е й б і р н о р м а т и в т і к
құқықтық актілер тізбесі

7. "Отандық өндірістің алкоголь және темекі өнімдерінің акциздік алым маркаларын есепке алу, сақтау және сату Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 591 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 805 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені", 1999 ж., N 10 жарияланған)...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі "Акцизделетін тауарлардың жеке түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалау туралы" N 431 P990431_ қаулысын орындау, сондай-ақ олардың қозғалысын жүзеге асыру үшін б ұ й ы р а м ы н :

1. 1-қосымшаға сәйкес отандық өндірістің алкоголь және темекі өнімдерінің акциздік алым маркаларын есепке алу, сақтау және сату ережесі бекітілсін.

2. Алматы қаласының салық комитетіне:

1) 2 қосымшаға сәйкес алкоголь және темекі өнімдері тауарын шығарушылардан акциздік алым маркілерінен түсетін қаржыны аудару үшін

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі алкоголь өнімі өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитетінің Республикалық мемлекеттік "ҚазАлкоОрталық" кәсіпорнының есеп шоты пайдаланылсын;

2) 1999 жылдың екінші жартысында алкоголь өнімінің акциздік алым маркілерін дайындау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасының адресіне өтінім жіберілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кеден комитеті екі апта ішінде, Қазақстан Республикасының кеден аймағына импортталатын алкоголь және темекі өнімдерінің акциздік алым маркаларын есепке алу, сақтау және сату ережелерін әзірлеп, Мемлекеттік кіріс министрлігіне бекітуге ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің заң департаменті (Дүйсенбек М.Д.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің әкімшілік департаменті (Есімбеков С.К.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша кеден комитетінің, салық полициясы комитетінің, салық комитетінің бірінші басшыларына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Мемлекеттік кіріс министрлігінің вице-министрі - У.С. Байжановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мемлекеттік кіріс министрінің
1999 ж. 1 маусым N 591 бұйрығына

1 қосымша

Отандық өндірістің алкоголь және темекі өнімдерінің акциздік алым маркаларын есепке алу, сақтау және сату

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Таңбалауға жататындар:

арақ, ликер-арақ бұйымдары, күшейтілген сусындар, күшейтілген соктар мен бальзамдар, шараптар, коньяктар, жүзім шарабы; отандық темекі бұйымдары (мына атауларынан басқа, филтрсіз барлық сигареттер мен папиростар). <*>

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен.

2. Акциздік алым маркілері қатаң жауапты бланкілерге жатады:

Алкоголь өнімі жеті таңбалы типографиялық нөмірлі болады және бес түрі: арақ, күшті алкогольды ішімдіктер, әлсіз алкогольды ішімдіктер, шарап және коньяк - пайдаланылатын сыйымдылығына байланысты (бұдан былай - сыйымдылық) былай бөлінеді: 0 л - 0,24 л, 0,25 л, 0,26 л және одан аса;<*>

Темекі өнімі екі таңбалы сериялы және таңбаның шығарылған жылы болады.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

3. Акцизделетін өнімді, сондай-ақ тәркіленген әрі соттың шешімімен ары қарай сатылуға жататын акцизделетін өнімді таңбалауға керек акциздік таңбалар облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша тиісті Салық комитетінде (бұдан былай - облыстық салық комитеттері) беріледі.<*>

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

4 . < * >

Ескерту: 4-тармақ алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

5. Алушы мекемелер алған акциздік алым маркілері басқа мекемелерге және тұлғаларға қандай да бір түрде бөлектетілуге, қайта сатылуға, беруге жатпайды акциздік алым таңбалары сатып алған орны бойынша тиісті салық комитеттеріне қ а й т а р ы л у д а н б а с қ а .

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

2. Банкнот фабрикасынан акциздік алым маркілерін алу және сақтау тәртібі

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары (бұдан былай - Комитеттің аумақтық басқармалары) тәркіленген өнімді сатумен айналысатын отандық тауар өндірушілер мен кәсіпорындардан белгіленген тәртіппен акциздік алым таңбаларын сатып алуға тапсырыстардың жиналуын қамтамасыз етеді әрі біріктірілген тапсырыстарды айларға, түрлерге, сыйымдылықтарға бөле отырып, Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетке (бұдан былай - Комитет) тапсырады.<*>

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

7. Комитет аумақтық басқармалардың тапсырыстарына сәйкес акциздік таңбаларды түрлері бойынша әзірлеуге тапсырыстарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасына (бұдан былай - Банкнот фабрикасы) орналастырады әрі жинақтық тапсырысты Алматы қаласының салық комитетіне

тапсырады. < * >

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

8. Банкнот фабрикасымен есептесу Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорын "ҚазАлкоОрталықтың" (ары қарай - РМК) есеп шотына акциздік маркілерді сатудан түскен қаржы есебінен жүргізіледі.

9. Акциздік алым маркілерін Алматы қаласының салық комитеті облыстардың салық комитеттеріне береді.

10. Акциздік алым маркілерін Банкнот фабрикасынан жеткізу, сақтау және оларды облыстардың салық комитеттеріне беру жауапкершілігі Алматы қаласының салық комитетінің бірінші басшысына жүктеледі.

11. Акциздік маркілерді облыстардың салық комитеттеріне жеткізуді осы комитеттердің өкілдері қарулы күзетпен бірге жүзеге асырады.<*>

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

12. Тәркіленген акцизделетін өнімдерді таңбалау үшін керек акциздік алым маркілерін мұндай өнімді сатумен айналысатын ұйымдарының өтініштері негізінде облыстардың салық комитеттері береді.<*>

Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

13. Акциздік алым маркілерін алу үшін облыстардың салық комитеттері алкоголь өнімінің ірі өндірушілері сенім хат беретін басшының және бас есепшінің, сондай-ақ акциздік алым маркілерін алатын қызметкерлердің қол қою үлгілерін Алматы қаласының салық комитетіне береді.<*>

Ескерту: 13-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

14. Бірінші басшының бұйрығымен Алматы қаласы салық комитеті сондай-ақ Банкнот фабрикасынан алынған әрі салық комитеттері мен ірі алкоголь өнімін өндірушілерге берілген акциздік таңбалар туралы Комитетке және облыстық салық комитеттеріне есеп беру қызметкерлері құрамынан алым маркілерін алатын, есептейтін, сақтайтын және оларды облыстардың салық комитеттеріне беретін материалды жауапты адам тағайындалады.<*>

Ескерту: 14-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

15. Банкнот фабрикасынан акциздік алым маркілерін Алматы қаласы салық комитетінің бірінші басшысы тағайындаған материалды жауапты адам алады.

16. Акциздік алым маркілерін алу үшін материалды жауапты адамға Алматы қаласы салық комитетінің бірінші басшысы, бас есепшісі қол қойған және мөрмен расталған сенім хат беріледі.

3. Облыстардың салық комитеттеріне акциздік алым маркілерін беру

17. Акциздік алым маркілерін сақтауды Алматы қаласы салық комитеті өртке қарсы және күзет сигнализациясы бар тұрғын-жайды, екі жұмыс зонасына бөлу арқылы жүзеге асырады: маркіні сақтау және беру операциясы.

18. Материалды жауапты адам облыстардың салық комитеттерінің өкілдеріне акциздік алым маркілерін беруі үшін төмендегідей құжаттарды талап етеді:

акциздік алым маркілерін алушының атына берілген облыстың салық комитетінің бастығы және бас есепшісі қол қойған сенім хаттың түпнұсқасы;

акциздік маркілер үшін төлемнің төленгені туралы РМК-ның арнайы есеп шотына қаржының түскені туралы банкінің белгісі бар төлем тапсырманың
к о ш і р м е с і ;

тұлғаның төлқұжаты немесе куәлігі;

акциздік алым маркісін алушының қызметтік куәлігі.

4. Акциздік алым маркілерін акцизделетін өнім өндірушілерге және тәркіленген өнімдермен айналысатын ұйымдарға беру тәртібі

Ескерту: Тараудың атауы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

19. Акциздік алым маркілерін сақтауды облыстардың салық комитеттері өртке қарсы және күзет сигнализациясы бар, маркілерді сақтауға және клиенттермен операция жүргізуге лайық екі жұмыс зонасынан тұратын тұрғын-жайда жүзеге а с ы р а д ы .

20. Облыстық салық комитеттері алкоголь және темекі өнімін өндіруші мекемелерге акциздік алым маркілерін беруді келесі құжаттары болғанда жүзеге а с ы р а д ы :

акциздік алым маркілерін алу үшін жазған өтініші;
заңды және жеке кәсіпкер ретіндегі мемлекеттік тіркеу куәлігі (көшірме);
жергілікті салық комитетінен салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы
а н ы қ т а м а ;

тиісті қызмет түріне лицензия (көшірме);

бұрын алынған акциздік алым маркілерін пайдаланғаны туралы есеп;
акциздік марка үшін қаржы аударылғаны туралы төлем тапсырмасы;
акциздік маркілерді алу үшін сенім хаттар;
маркілерді беру журналында тіркелген акциздік алым маркілерін алушыны
к у ә л а н д ы р а т ы н құ ж а т т а р . < * >

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

21. Осы ереженің 20 тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен жағдайда,

сондай-ақ РМК "ҚазАлкоОрталықтың" есеп шотына қаржының түскені дәлелденгенде алкоголь және темекі өнімдерінің ірі өндірушілеріне акциздік алым маркілерін Алматы қаласының салық комитеті береді. Бұдан басқа тиісті облыстық салық комитетінің бірінші басшысы мен бас есепшісі қол қойған акциздік алым маркісін алушының атына берілген сенім хаттың түпнұсқасы көрсетілуі қажет.

22. Ірі өндіруші болып табылатын кәсіпорындардың тізімін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің акцизделетін өнімі өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитеті анықтайды.<*>

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

23. Тәркіленген алкоголь және темекі өнімдерін таңбалау үшін керек акциздік алым маркілерін беруді облыстық салық комитеттері ұсынылған өтініштердің негізінде, сондай-ақ келесі құжаттарды көрсеткенде жүзеге асырады:<*>

акциздік алым маркілерінің көрсетілген санын алу үшін мөрмен расталған, бірінші басшы және бас есепші қол қойған маркі алушының атына сенім хаттың түпнұсқасы ; < * >

тәркіленген алкоголь өнімдерін сату үшін облыстық салық комитеттерімен келісімдер ; < * >

1999 жылдың 1 шілдесіне дейінгі заңда және жеке тұлғалардың тәркіленген алкоголь өнімі мен темекі бұйымдарын қабылдау-беру тізім-актісі;

РМК-ның есеп шотына акциздік алым маркілерінің төлемдері бойынша қаржының түскені туралы белгі қойылған төлем тапсырмасының көшірмесі;

акциздік алым маркілерін алушы тұлғаның куәлігі немесе төлқұжаты.

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

24. Өндіруші ұйымдарға алдағы бір айға акциздік алым таңбаларын беру жылдық тапсырылатын акциздік таңбаларды сатып алу тапсырысына сәйкес айларға бөле отырып, әрі бұрын алынған акциздік таңбаларды пайдаланғаны туралы есеп бар болғанда ғана жүргізіледі. Бұрын ұсынылған тапсырысқа алкоголь өнімінің саны мен түрлерінің бөлігі бойынша өзгертулер мен толықтыруларды алкоголь өнімін өндірушілер таңбалар берілетін айдан 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын беруі керек. Мерзім біткеннен кейін өзгертулер мен толықтырулар қабылданбайды.<*>

Ескерту: 24-тармақ редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

5. Акциздік алым маркілерін қайтару тәртібі

25. Пайдаланылмаған акциздік алым маркілері қайтарылу себебі көрсетіле отырып, акциздік алым маркілерін қайтару туралы заңды және жеке тұлғалардың

өтініші негізінде оларды берген облыстық салық комитетіне қайтарылуы мүмкін.

26. Заңды және жеке тұлғалардың тиісті облыстық салық комитетіне акциздік алым маркілерін қайтаруы акциздік алым маркілерін тапсыру-қабылдау актілері бойынша жүзеге асырылады (2-қосымша).

27. Заңды және жеке тұлғаға пайдаланылмаған акциздік таңбалар үшін ақшалай қаражаттар оның есепшотына 3 ай ішінде аударылуы тиіс.<*>

Ескерту: 27-тармақ редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

28. Ақшаны қайтару тиісті облыстық салық комитетінің хаты негізінде акциздік алым маркілерін өткізу-қабылдау актілерін және қайтару туралы өтініш көшірмесін қоса отырып жүзеге асырылады.

29. Типографиялық ақауы бар акциздік алым маркілері байқалғанда маркіні алушылар акциздік алым маркілерін берген облыстық салық комитетіне акт бойынша акциздік алым маркілерін ауыстыру өтінішімен бірге беруге міндетті.

Қайтарылған акциздік алым маркілерінің нөмері мен сериялары тиісті облыстық салық комитетінің бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалған құрамы үш адамнан кем емес ақауы бар маркілерді қабылдау комиссиясының қолы қойылған актіге жазылады. Актінің бір данасы Алматы қаласының салық комитетіне жіберіледі.

6. Акциздік алым маркілерін жою тәртібі

30. Акцизделетін тауарды маркілеу процесінде бүлінген акциздік алым маркілері жойылуға жатады. Бүлінген маркілерді алушы жеке парақтарға келесі ережелерді сақтай отырып, желімдеуге тиіс:

акциздік алым маркілерін желімдеу қыртыссыз және бүктеусіз жүргізіледі; акциздік алым маркілерін желімдегенде, маркінің орталық бөлігі, сериясы және нөмірі анық көрінуі керек;

акциздік алым маркілері жыртылғанда, оның жеке бөліктері қосылуы керек.

31. Бүлінген акциздік алым маркілерінің жойылуы үшін, алынған жерінің облыстық салық комитетіне жіберіледі.

32. Акциздік маркілерді жою, комиссияның қатысуымен тиісті облыстық салық комитетінің бірінші басшысының бұйрығымен анықталған орында жүргізіледі.

33. Акциздік алым маркілерін жою комиссиясының құрамын тиісті салық комитетінің бірінші басшысы бекітеді, құрамы бес адамнан кем болмауы тиіс.

34. Акциздік алым маркілерін жою комиссиясының құрамына міндетті түрде бірінші басшысы немесе ол өкілеттік берген адам, бас есепші және марканы берген облыстық салық комитетінің материалды жауапты адамы және акциздік алым маркілерін алушы мекеме өкілі кіруі керек.

35. Маркілердің нақтылы жойылғаны туралы екі данада нөмірі және жойылған маркілер саны көрсетілген жою актісі құрылады (3-қосымша). Актінің әрбір данасына комиссия мүшелері қол қояды және тиісті облыстық салық комитетінің мөрімен расталады.

Актінің бір данасы облыстық салық комитетінде қалады, актінің екінші данасы Алматы қаласының салық комитетіне жіберіледі.

7. Облыстық салық комитеттерінде акциздік алым маркілерін есепке алу және сақтау

36. Облыстық салық комитеттерінде акциздік маркілердің түскенін есепке алу және беру арнайы журналда жүргізілуі керек және ол байланған, нөмірленген, бірінші басшының қолы қойылған, мөрі басылған болуы керек.

Журналды акциздік алым маркілерін есепке алатын және беретін материалды жауапты адам жүргізеді.

37. Материалдық жауапты адам ауысқанда және әр тоқсанның бірінші күніне дейінгі бар акциздік алым маркілерінің нақты санын тексеруді тиісті облыстық салық комитетінің бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалған қаттау комиссиясы жүргізеді.

38. Тізбе екі данада құрылады, материалды жауапты адам және қаттау комиссиясының мүшелері қол қояды.

Тізбенің бір данасы салыстыру ведомосын құру үшін мекеменің бухгалтериясына жіберіледі. Акциздік алым маркілерімен бухгалтерлік есеп мәліметтерінің арасында нақты алшақтық байқалған жағдайда, материалды жауапты адамның түсініктемесі тіркелген материалдар, шара қолдану үшін облыстық салық комитетінің бірінші басшысына жіберіледі.

39. Материалдық жауапты адам ауысқанда, акциздік алым маркілерінің қалдығы жөнінде қосымша қабылдау-өткізу актісі жасалынады.

8. Кәсіпорындар мен мекемелерде акциздік алым маркілерін есепке алу

40. Акциздік алым маркілеріне қатаң есептегі бланкілер ретінде бухгалтерлік есеп ережесі қолданылады.

41. Таңбалауға жататын акцизделетін өнім өндіруші кәсіпорындар акциздік алым маркілерін дұрыс есепке алуды, оларды пайдалануды (саны және құны бойынша), өндіріске жою, бүлінген маркілерді олардың жоғалуына жол бермей, бекітілген тәртіппен жойылғанға дейінгі сақталуын қамтамасыз етуі керек.

42. Алынған акциздік алым маркілер N 004 "Қатаң есептегі бланкілер" баланстық шотына ендіріледі.

Келген және шығындалған маркілерді есепке алу, қатаң есептегі бланкілер тәрізді тәртіппен жүргізіледі.

9. Есептесу

43. Облыстық салық комитеттері ай сайын есептік мерзімнен кейінгі айдың бесіне дейінгі мерзімде, шығыс бөлігіндегі маркілерді алған мекемелерді көрсете отырып, Алматы қаласының салық комитетіне келген, шығындалған және қалған акциздік алым маркілері туралы есеп тапсырады.

44. Облыстық салық комитеттерінің берген есептерінің негізінде жинақталған есеп құрылады, онда тәркіленген акцизделетін өнімді сатумен айналысатын ұйымдарға, оны таңбалау үшін берген акциздік алым маркілерінің саны көрсетіледі.

Жинақталған есепке Алматы қаласы салық комитетінің бірінші басшысы, бас есепшісі және материалды жауапты адам қол қояды, содан кейін ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетіне есептен кейінгі айдың онына дейін жіберіледі.

Ескерту: 44-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен.

10. Акциздік алым маркілерінің пайдаланылуын бақылау

45. Акциздік алым маркілерінің дұрыс пайдаланылуын бақылауды, тәркіленген алкоголь және темекі өнімдерін өндіретін және сататын заңды және жеке тұлғалардың тіркелген жері бойынша, облыстық салық комитеттері жүзеге асырады.

46. Сауда нүктелеріндегі (көтерме және бөлшек) алкоголь өнімдерінде акциздік алым маркілерінің бар болуын бақылауды салық органдары мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің алкоголь өнімі өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитеті жүзеге асырады.

Сату кезінде анықталған таңбаланбаған алкоголь және темекі бұйымдары тартып алынады, ал тексеріс материалдарын салық органдары заңда бекітілген тәртіппен жауапкершілік шара қолдануға жібереді.

11. Жауапкершілік

47. Осы ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен.

Төраға _____

(салық комитетінің атауы)

(АТЫ-ЖӨНІ)

Акциздік маркілерді алуға

өтініш

(мекеменің атауы, адресі, банктік реквизиті)

акциздік маркаларды мыналарға босатуды сұрайды:
----- дана
(маркінің типі) (жазбаша)
----- дана
(маркінің типі) (жазбаша)
----- дана
(маркінің типі) (жазбаша)

Тауарларды шығару үшін қажетті көрсетілген маркілердің саны:

(өнімнің түрі)

Маркіні сатып алу үшін керек ақша Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорын
"ҚазАлкоОрталықтың" _____ есеп шотына 200_ жылғы "___" _____
N _____ төлем тапсырмамен

Мына мөлшерде _____
(мөлшері жазбаша жазылады)

е н г і з і л д і .

"Акциздік маркілерді есепке алу, сақтау және сату" ережесімен
т а н ы с т ы м

Егер акциздік маркілер жоғалғанда, ұрланғанда және тағы басқа
жағдайларда орнатылған акциз мөлшерін бюджетке төлеуге міндеттенемін.
Мекеме басшысы _____

Бас есепші _____

М.О.

РМК

маркі

туралы

адамның қолы, күні

"ҚазАлкоОрталықтың"

ақшасының

белгісі,

түскені

жауапты

қосымша

Ескерту: 2-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

Акциздік алым маркілерін өткізу-қабылдау

Актісі

" ___ " _____ 200__ ж.

_____ (мекеменің атауы, мекен-жайы, РНН, банктік реквизиті)
мына тұлға _____ тапсырады,
(қ ы з м е т і , а т ы - ж ө н і)

ал Салық комитеті мына тұлғада _____
(қ ы з м е т і , а т ы - ж ө н і)

_____ акциздік алым маркісін мына мөлшерде қабылдайды

_____ (ж а з б а ш а)

С о н ы ң і ш і н д е :

_____ саны _____ дана
(маркінің типі) (ж а з б а ш а)

_____ саны _____ дана
(маркінің типі) (ж а з б а ш а)

_____ саны _____ дана
(маркінің типі) (ж а з б а ш а)

1. Жоғарыда көрсетілген акциздік алым маркілері мынадай себеппен
қ а й т а р ы л а д ы

2. Акциздік алым маркілері тиісті түрде қапталған және
тапсырылған/комплекті түрде қабылданған.

Өткізді:

(қолы, аты-жөні)

М.О.

Қабылданды:

(қолы, аты-жөні)

М.О.

3-қосымша

Ескерту: 3-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 845 V011559_ бұйрығымен .

Акциздік маркілерді жою

Актісі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846
P010846_ "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым

таңбаларымен таңбалау туралы" қаулысына сәйкес, біз мына құрамдағы
к о м и с с и я :

мына мөлшерде _____
жағу арқылы жойылуға жататын акциздік маркілер жойылды.
С о н ы ң і ш і н д е :

(маркінің типі, саны) N _____

Төраға 1) _____

(қызметі, аты-жөні)	(қолы)
К о м и с с и я	м ү ш е л е р і :
2) _____	_____
(қызметі, аты-жөні)	(қолы)
3) _____	_____
(қызметі, аты-жөні)	(қолы)
4) _____	_____
(қызметі, аты-жөні)	(қолы)
5) _____	_____
(қызметі, аты-жөні)	(қолы)

Мемлекеттік кіріс министрінің
" ____ " _____ 1999 ж.
N ____ б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорын "ҚазАлкоОрталық" реквизиті
Заңды мекен-жайы: 480060, Алматы қ. Жароков көшесі, 217 Б
тел. 67-10-14, 67-44-14

Р Н Н 6 0 0 4 0 0 0 8 6 6 4 6

Қазақстан Республикасының Халықтық Банкідегі ОПЕРУ есептік
ш о т ы 1 6 0 9 2 1 4

Код 601 Алматы қаласы. МФО 190501601

